

2015 ж. 3 АЙДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

МАҢЫЗДЫ: Осы тұсаукесерден алынған ақпаратты көшіруге, таратуға, жариялауға немесе кез келген тұлғаға тікелей немесе жанама және қандай да болсын бір мақсаттарда тұтастай немесе бөлігі бойынша беруге тыйым салынады.

Ақпаратты компания дайындаған және ешқандай да тарап ақпараттағы деректердің мазмұнына қатысты, оның ішінде оның нақтылығына, толықтығына немесе шынайылығына қатысты кез келген басқа компанияға қатысты жасалған немесе жасалатын сияқты тікелей немесе жанама растамалар немесе кепілдіктер бермейді және өзіне жауапкершілік алмайды. Осы тұсаукесерде ештеңе де уәде беру немесе куәландыру ретінде бағалануы мүмкін емес.

Ақпаратта болашақта дамуға қатысты мәлімдемелер баяндалған. Кез келген ақпаратта мәлімдемеге енгізілгендердің тарихи фактілерде атап көрсетілгендері болашаққа болжамдар болып табылады. Болжамдық мәлімдемелер компанияның ағымдағы күтулеріне және оның қаржылық жағдай, операциялардың нәтижелері, жоспарлары, мақсаттары, болашақ көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты күтулерге сәйкес келеді. Бұл мәлімдемелер өзіне шектеусіз, осының алдындағы немесе "мақсат", "пайымдау", "күту", "көздеу", "ниеттену", "бәлкім", "болжамдау", "есептеу", "жоспарлау", "жоба", "болуы мүмкін", "болады", "ықтимал", "болуы тиіс", "мүмкін" және басқа да сөздер мен терминдерді ұқсас мәндерімен және оларды теріске шығаруымен кез келген мәлімдемелерді өзіне қосуы мүмкін. Осыған ұқсас болжамдар белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіз факторлармен және Компанияның болжанатын нәтижелерінен, өнімділігінен немесе осыған ұқсас болжамдық мәлімдемелерде тікелей немесе жанама баяндалатын басқа маңызды факторлардан, өнімділіктен немесе жетістіктерінен маңызды ерекшеленуге алып келуі мүмкін. Мұндай болжамдық мәлімдемелер компания болашақта жұмыс істейтін ортаға және компанияның ағымдағы және болашақтағы іскерлік стратегиясына қатысты болжамдардың көпшілік санына негізделеді.


Осы арқылы Ақпараттың немесе ондағы баяндалған пікірлердің объективтілігіне, нақтылығына, негізделгендігіне немесе толықтығына қатысты ешқандай айқын немесе тұспалдайтын растамалар мен куәландырлар берілмейді. Ақпарат тәуелсіз тексерістен өтпеген және түзетуге жатпайды. Ақпарат, оның ішінде болжамдық мәлімдемелерді қоса алғанда тек осы құжатта мерзімі көрсетілген күнге ғана жарамды және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір растамаларды беруге арналмаған. Компания ақпаратқа енгізілуі мүмкін және компанияның болжамдарындағы өзгерістер не қандай да бір шығуы мүмкін немесе оқиғалардың, жағдайдың немесе талаптардың өзгеруінен қандай да бір түзетулерді жариялау ниетінде емес және болжамдық өтініштер немесе кез келген қаржылық ақпаратты **қосқанда**, ақпаратқа толықтырулар, немесе түзетулерді тарату жөніндегі қандай да міндеттемелерден немесе уәде етулерден екіұштылықтан, сондай-ақ осы құжатта қолы қойылған күннен кейін туындаған өзге оқиғалар немесе жағдайлардан бас тартады. Осы ақпаратта баяндалған нарықтық деректер және нақтылы негізге тіркелмегендері тәуелсіз тексеруден өтпеген компанияның өзі құрастырған бағалау көрсеткіштері болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1. ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК
2. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ СЕРПІНІ
3. КРЕДИТТІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қосымшалар

- 2015 ж. үш айдың деректері ХҚЕС стандарттары бойынша аудиттелмеген және шоғырландырылған болып табылады.
- 2009-2014жж. аяғындағы деректер, өзгедей көрсетілмесе, аудиттелген KPMG шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келеді.
- Осы тұсаукесерде қолданылатын бағам USD/KZT: 1/185.65-ке тең (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен 31.03.2015ж. жағдай бойынша).
- Осы тұсаукесерде қаржылық есептілікке жататын «қаржылық деректер ҚРҰБ сәйкес» сілтемелер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес дайындалған. Банк осы тұсаукесерде қаржылық ақпаратты ҚРҰБ сәйкес Қазақстанның басқа банктерімен салыстыру үшін береді. Тұсаукесерде берілген барлық қаржылық ақпарат ҚРҰБ талаптарының шеңберінде ұсынылды деп айқын ескертілгендерінен басқа жағдайларда, ҚЕХС өлшемдеріне сәйкес келеді.



20
табысты жыл
лет успеха
years of success

Eurasian Bank

ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК



ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

■ Еуразиялық банк активтердің көлемі жөнінен оныншы орынды және 31.03.2015ж. жағдай бойынша автокредит беру аумағында бірінші орынды алады.

■ 1994 жылы ENRC тобының (қазіргі уақытта ERG) акционерлері табиғи ресурстар мен тау-кен өнеркәсібі саласында үлестес компанияларға қаржылық қызметтер көрсету үшін құрылған. Қазіргі уақытта ENRC компаниясының тобы Банктің бизнесінің шамалы бөлігімен ғана айналысады.

■ Банк қазіргі уақытта корпоративтік клиенттерге, ШОБ және жеке тұлғаларға банктік қызметтердің барлық түрін ұсынады.

■ 31.03.2015ж. жағдай бойынша Банкте қызметтердің толық спектрін ұсынатын 20 филиал, 143 бөлімше, 460 банкомат, 299 төлем терминалы және 2,600-дан асатын басқа сауда орындары бар. Қызметкерлердің штаты - 5,400 адамнан асады. Ресейде Москва қ. еншілес банкі Новосибирскі мен Омскі қалаларында филиалдары бар.

2012- 2015жж. алынған ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАПАТТАР



2013-2015жж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БАНКІ
«EMEA Finance» марапаты



2012ж. және 2014ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛ БАНКІ
«The Banker» марапаты



2014ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БАНКІ
«International Alternative Investment Review (IAIR)» марапаты



2012ж., 2013ж., 2015ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БӨЛШЕК БАНКІ
«Asian Banking & Finance» марапаты



2012ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БАНКІ
«Euromoney» марапаты

31.03.2015ж. НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	млн теңге	млн АҚШ доллары
Активтердің барлығы	766,155	4,127
Кредиттік портфельдің барлығы (провизия есебімен)	582,855	3,140
Клиенттердің депозиттері мен шоттары	491,099	2,645
Меншік капиталдың барлығы (о.і. бөлінбеген табыс)	67,334	363
Капиталдың жеткіліктілігі, барлығы (ҚРҰБ)	12.1%	
Мерзімі кешіктірілген кредиттер	9.3%	
Капиталдың жеткіліктілігі, ROAE ⁽¹⁾	3.1%	
Активтердің орташа құнына пайда, ROAA ⁽¹⁾	0.3%	
Активтердің өтімділігі/Активтердің барлығы	17.8%	
Таза пайыздық маржа, NIM ⁽¹⁾	6.3%	
Шығындардың/табыстардың арақатынасы, CIR ⁽¹⁾	67.4%	

ГЕЛТИНГ МЕТТ



Қысқа мерзімді	NP	B
Ұзақ мерзімді	B2	B+
Болжам	Тұрақты	Тұрақты

⁽¹⁾ Жылдық бейнелеуде

ДӘЙЕКТІ СТРАТЕГИЯ

ӨСУ

Орташа мерзімдік перспективадағы нарықтың үлесі 5-6%

Ресей Федерациясына орташа мерзімдік бағдарланумен ТМД өңірлеріне одан әрі қарай кеңейту

Қаржыландыру көздерін әртараптандыру

Ірі банктердің стратегиясын өзгерту талаптары кезінде перспективалар

АКТИВТЕРДІҢ САПАСЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту

АТ біріктірілген жүйесі

Қызметкерлердің жоғары кәсіби біліктілігі және іскерлік мәдениеті

Кредиттік портфель мен кредиттік тәуекелдердің мониторингіне консервативтік тәсіл

ӘМБЕБАП БАНК

Корпоративтік, ШОБ және бөлшек бизнес арасындағы балансты сақтау

Қазақстандағы желіні оңтайландыру

Бар клиенттік базаның шеңберінде тоғыспалы сатулар

Инновациялық өнімдер және жоғары сапалы қызмет көрсету

Бизнесті қолдау, жаңа өнімдерді әзірлеу және операциялық тиімділік үшін АТ тұрақты инфрақұрылымы

БӨЛШЕК СЕГМЕНТ

Тұтынушылық кредит беру аумағында көшбасшылық жайғасымдар

Клиенттік қызмет көрсету сапасына басты назар аудару, жеке тәсіл, клиенттер үшін инновациялар мен жоғары қолайлылық

Филиалдар мен банкоматтардың желілерін, осыған ұқсас сату көздерін кеңейту

КОРПОРАТИВТІК СЕГМЕНТ

Ерекше назар табиғи ресурстар, энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы секторларына аударылады.

Нарықтың үлесін оңтайландыру үшін оңтайлы уақыт

Ағымдағы есеп айырысу шоттары мен депозиттерге қорландыру базасы қолдау көрсетеді

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Шағын және орта бизнес нарығына іріктелген тәсіл

Тәуекелдің пост-дағдарыстық серпіні есебімен болашақта кеңейту үшін клиенттік базаны талдау және құру.

Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуға салмақталған тәсіл

ПРИВАТ БАНКИНГ

Дәулетті клиенттер үшін өнімділік желі енгізу

Корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалар үшін өнімдерді тоғыспалы сату

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ӨЗГЕРІСТЕР ХРОНИКАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

- 2009ж. аяғында жаңа басшылықтың келуі Банктің жағдайын толықтай өзгертті: 2009ж. залалдардан - нарықта пайыздық таза маржа бойынша жетекші⁽¹⁾ көрсеткіштердің біріне. 31.03.2015 ж. жағдай бойынша Банк таза пайыздық маржаның көрсеткіші бойынша 8-орынды алды, 6.8% деңгейіне дейін өсті, сол уақытта банктік сектор бойынша тұтастай алғанда ұқсас кезеңде бұл көрсеткіш 5.5%-ды құраған⁽¹⁾.
- Басқарма төрағасы Майкл Эглтон, тәжірибелі батыс менеджері, ертеректе Merrill Lynch, Credit Suisse банктерінде және Ұлттық Банк Трестта жоғары басшылық орындарда қызмет жасаған, Банкке Қазақстанда және шетелде кеңейтілген жұмыс тәжірибесі бар жоғары кәсіби команданы Банкке басшылыққа шақырды.
- Жаңа басшылықтың келуімен өсу, бизнестің жаңа бағыттары, активтердің сапасын қатаң бақылау, шығындар бойынша Банк өзінің тұрақты жайғасымын, сондай-ақ клиенттік қызметтер мен тұрақты қаржылық нәтижелерге қатысты инновациялық тәсілді үнемі растайды.
- Ағымдағы басшылық командасы кезінде соңғы төрт жыл ішінде Банктің клиенттері жеті есеге жуық ұлғайды. 31.03.2015ж. жағдай бойынша Банктің бірегей клиенттерінің саны 1,179,999-ға дейін өсті.
- 2014 ж. Банк бірінші рет өз түріндегі IOS (iPhone және iPad), Android және Windows Phone операциялық жүйелерінде қолжетімді әмбебап банктік қосымшаларды өңірде іске қосты.
- 2014 ж. Банк Movistar Yamaha MotoGP командасының серіктесі және командадағы шабандоздардың бірінің демеушісі болды. Осы ынтымақтастық шеңберінде Банк нарыққа өнімдерді, оның ішінде жаңа қазақстандық нарық үшін келесі өнімдерді ұсынды: күнделікті пайыздар есептеумен депозит және жасалған транзакция үшін шынайы ақшаны қайтару функциясымен кредиттік карталар.
- Күрделі экономикалық жағдайларға қарамастан, Банкке 2015 жылғы қараша айында 500 миллион АҚШ доллары сомасына еурооблигациялар орналастыруға қол жеткізді, бұл 2014ж. аяғында нарықта өтімділікпен тұрақсыз жағдай туындағанға дейін қосымша өтімділік ағынын қамтамасыз етті.

БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУ АУМАҒЫНДАҒЫ САРАПШЫ

- Банк жылдам өсуші және жоғары табысты сегменттердің маңызды қатысушысы болып табылады.
- Бөлшек кредиттердің мерзімі кешіктірілмеген портфелін және «ПростоКредит» сауда белгісін сатып алу Банкке жұмыс істейтін бизнес берді, ол 2011ж. бастап Банктік кредиттік портфелінің маңызды дәрежеде өсуіне алып келді.
- Банк Қазақстандағы кредитке сатып алынатын автомобильдердің барлығының жартысына жуығын қаржыландырады.
- 2013ж. аяғында Банк бірінші болып нарықта стандарттық бөлшек қарыздарды қайта табыстау мен қызмет көрсету бойынша бірегей бағдарламаны іске қосты. Бағдарлама Банкке мәміле жабылғаннан кейін сервистік қызмет көрсету бойынша комиссияны қосқанда, бөлшек бизнестің жоғары табысынан басымдылық алуын жалғастырады, бұл ретте бизнес сегменттері мен тәуекелдерді бақылаудың арасында қажетті баланс сақталады. Тек 2014ж. Банк жалпы сомасы 22 млрд теңге шамасында кредиттерді бағдарлама бойынша қайта табыстады. Банк осы бағдарлама үшін келесі марапатты иеленді: «Best securitisation deal in CEE Eurasian Bank's loan portfolio securitisation» EMEA Financeden.

⁽¹⁾ Негізі: ҚРҰБ, шоғырландырылмаған деректер

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

- Жаңа басшылық кредиттік өтінімдердің көпшілігіне 15-30 минуттың ішінде өңдеу жүргізуге мүмкіндік беретін бөлшек клиенттердің автоматты скорингі жүйесін жасады және енгізді. Бүгінгі күні кредитный скорингті бизнестің барлық сегменттеріндегі клиенттер қолдануда, бұл мерзімі кешіктірілген кредиттердің азаюына алып келді.
- Мерзімі кешіктірілген кредиттердің үлесі⁽¹⁾ 31.03.2015ж. бойынша несиелік портфельдің 8.4%-ын құрады, бұл уақытта банктік сектор бойынша осы көрсеткіш тұтастай алғанда тұтас кезеңде 23.4%-ды құрады.
- 120 күнге мерзімі кешіктірілген бөлшек кредиттерді өндіріп алудың рәсімдерінің қолданысқа енгізілуі 31.03.2015ж. бойынша 90%-дан асаны құрады.
- Мерзімі кешіктірілген бөлшек кредиттердің көлемі⁽²⁾ 2010ж. берілген қарыздар бойынша 28.9%-дан жаңа менеджмент басшылығымен 2010-31.03.2015жж. кезеңдерде берілген қарыздар бойынша 3.9%-ға дейін төмендеді.

ӨТІМДІЛІКТІҢ СЕНІМДІ ҰСТАНЫМЫ

- 2014 жылдың аяғында туындаған теңгелік өтімділіктің жетіспеуі депозиттік база мен кредиттік портфельге әсер етіп, 2015 жылдың бірінші айларында жалғасты. Өтімділіктің жоғары деңгейі 2014 жылғы ақпан айында ұсталды⁽³⁾ Банктің өтімділігі 31.03.2015-31.03.2014жж. ішінде 26.7%-дан 17.8% комфорттық деңгейге дейін төмендеді.
- Басшылық шамадан тыс өтімділіктің кері салдарларын жеңілдету үшін мөлшемелердің ауытқуын аз сезінетін корпоративтік клиенттерді қаржыландыруға тартуды басты бағыт жасады.
- Банктің негізгі корпоративтік салымшылармен, оның ішінде мемлекеттік компаниялармен және ERG тобының компаниясының тобымен тұрақты қатынастар орнатылған. Приват банкинг бизнесі есебінен өтімділік көздерін одан әрі қарай әртараптандыру.

АКЦИОНЕРЛЕРДІ І ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУ

- Акционерлерді қолдау – бұл Банктің шешуші бәсекелестік артықшылықтарының бірі.
- 2012ж. маусымда Банктің акционерлері капиталды 5.9 млрд теңгеге (39 млн АҚШ долларына)⁽⁴⁾ өсірді.
- 2013ж. Банк 2010 ж. қаржылық сауықтыру басталған сәттен бастап бірінші рет дивидендтерді 2 млрд теңге мөлшерінде төледі. 2014ж. мамырда Банк тағы бар 15 млрд теңге мөлшерінде (2013ж. алынған табыстардың 12%-ы) дивидендтер төлеуді жүргізді.
- Банктің акционерлері Forbes миллиардерлері тізіміне енген Қазақстанның экономикасына негізгі қатысушылар болып табылады.

⁽¹⁾ Негізгі: ҚРҰБ, шоғырландырылмаған деректер


⁽²⁾ 90 күннен аса кешіктірілген негізгі борыш бойынша мерзімі кешіктірілген кредиттер, ҚРҰБ стандарттары бойынша шоғырландырылмаған деректер. 01.07.2015ж. жағдай бойынша қалдық

⁽³⁾ 2014 ж. 11 ақпан ҚРҰБ бір АҚШ доллары үшін 185 ± 3 теңге деңгейінде жаңа айырбастау бағамын бекітіп, АҚШ долларына қатысы бойынша теңгеге 19% девальвация жүргізді.


⁽⁴⁾ USD/KZT: 30.06.2012ж. жағдай бойынша ҚРҰБ бағамы 1/149.42

31.03.2015ж. ҚАЗАҚСТАНДА ҰҚСАС БАНКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАРЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙ


ТАЗА ПАЙДАНЫҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША ТОП-15
БАНКТЕР




АКТИВТЕР БОЙЫНША
НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ




КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ
БОЙЫНША НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ ⁽¹⁾



ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША
НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ



⁽¹⁾ Несиелік портфельге РЕПО және банкаралық операциялар кіреді
Негізі: ҚРҰБ, шоғырландырылмаған деректер




НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ СЕРПІНІ




ӨСУДІҢ ТҰРАҚТЫ ҚАРҚЫНДАРЫ

- Банкке жаңа басшылық келгеннен кейін шығындар мен шамадан тыс өтімділіктің қысқаруының нәтижесінде шығындарға табыстардың арақатынасы 2010 ж. 75.7%-дан 31.03.2015ж. жағдай бойынша 67.4%-ға дейін төмендеді. Банк шығындарды және қызметкерлерді ағымдағы нарықтық талаптарға сәйкес қысқартады. 2015 жылғы бірінші тоқсанда қызметкерлердің саны 8%-ға қысқарды.
- Таза пайыздық маржа жоғары деңгейде, 7.2%-да қалғанымен 2013 жылы негізінен қорландыру құнының өсуі есебімен қол жеткізген 8.8% белгісімен бірге төмендеді.
- Таза пайданың көлемі 2015 ж. үш айдың ішінде 0.5 млрд теңгені құрады (2.8 млн АҚШ доллары), Банктің бюджетіне сәйкес 2015 ж. аяғында таза пайданың сомасы 8.5 млрд теңгені (45.8 млн АҚШ доллары) құрауы тиіс еді.
- Клиенттердің кредиттері жалпы пайыздық табыстан 98%-дан астамды құрады.


ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ МАРЖА




ШЫҒЫНДАРҒА ТАБЫСТАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ



ТАЗА ПАЙДА СЕРПІНІ




ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС КОМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС




АКТИВТЕР

- 31.03.2015ж. жағдай бойынша жиынтық активтер 31.12.2014ж. жағдай бойынша 808.6 млрд теңгеден (4.4 млрд АҚШ доллары) 766.2 млрд теңгеге дейін (4.1 млрд АҚШ доллары) 5.3%-ға қысқарды.
- Басшылық баланстық көрсеткіштердің тиімділігіне жұмыс істеуін жалғастыруда. Соңғы төрт жылда Банк балансты аз табысты өтімді активтерден тазалады және кері спредті қысқартты. Осы стратегияның нәтижесінде активтердің құрылымындағы клиенттердің қарыздарының үлесі 2010 ж. аяғындағы 59.8%-дан 31.03.2015ж. жағдай бойынша 76.1%-ға дейін (провизия есебімен кредиттер) өсті.
- Ерекше назар сыртқы нарықтың талаптарының есебімен бірге өтімділік айқындамасын басқаруға бөлінеді. Таяудағы девальвациядан кейін Банк алдын алу шаралары ретінде активтердің өтімділік деңгейін жоғарылатты. 31.03.2015ж. аяғындағы жағдай бойынша өтімділік жиынтық активтердің 17.8% тұрақты деңгейінде болды. Банктің міндеті - өтімділікті 15% астам деңгейде ұстау.

ӨТІМДІЛІКТІ АКТИВТЕР⁽¹⁾



АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



АКТИВТЕР МЕН КРЕДИТТЕРДІ БАСҚАРУ




⁽¹⁾ Өтімділікті активтер қолма-қол ақша қаражаттары мен орталық банкке тиесілі қысқа мерзімді ақша қаражаттарынан, бағалы қағаздарды сату, банкаралық активтер мен теңгеді бейнеленген қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздардан құралады.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

- 2010ж. аяғынан бастап, жыл сайын Банктің кредиттік портфелі бөлшек кредиттік портфельдің диапазонында 40-60% өсуі кезінде шамамен 20-30%-ға ұлғайды. 2015ж. бастап кредиттік портфель (провизия есебінсіз) негізінен тұрақсыз нарықтық талаптар есебінен және экономиканың әлсіреуінен 0.5%-ға төмендеді.
- 2009-2010жж. ішінде Банк негізінен қаржы дағдарысы уақытында кредиттік тәуекелдерді төмендету үшін ірі корпоративтік клиенттерге бағдарландырылды. Бірақ 2011ж. басынан бастап, табыстылықты ұлғайтуға бағытталған жаңа стратегия мерзімі кешіктірілмеген бөлшек кредиттік портфельді және «ПростоКредит» сауда маркасын сатып алуға, сондай-ақ қазақстандық нарық үшін жаңа өнімдерді жасауға алып келді, мұның өзі өз кезегінде Банктің бөлшек кредиттік құрылымының маңызды өзгеруін қамтамасыз етті.
- Экономиканың қолайсыз салаларына, оның ішінде жылжымайтын мүлік пен құрылысқа кредит беру, 31.03.2015ж. жағдай бойынша жалпы кредиттік портфелінен тиісті 0.02% және 6.9%-ды құрайды (2014ж: жылжымайтын мүлік - 0.03% және құрылыс - 7.4%). Құрылыс жобаларына негізінен жол құрылысы, инфрақұрылымдық жобалар және электрмен қамту жатады.
- Банктің әмбебап қаржылық институт ретіндегі қызметтердің толық спектрін көрсететін стратегиясы бизнестің әр түрлі сегменттері арасындағы сегменттерді, кредиттік портфельді корпоративтік/ШОБ бизнес және бөлшек сегменттің шамамен теңдей үлестерімен (50/50) қалыптастыруды қамтамасыз етуге байланысты болады.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ БӨЛУ (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІНСІЗ)




31.03.2015ж. ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМ (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІМЕН)

31.03.2015 жылға



31.03.2015ж. ӨТЕУДІҢ КҮТІЛЕТІН МЕРЗІМДЕРІ БОЙЫНША (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІНСІЗ) КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ





ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АВТО КРЕДИТ БЕРУДІЕГІ ЖЕТЕКШІ ҰСТАНЫМДАР

- Банк тұтынушылық қаржыландыруда және автокредит беруде жедел өсуге және жоғары табысты саланың шешуші қатысушысы болады.
- «ПростоКредит» мерзімі кешіктірілмеген кредиттік портфелін және «ПростоКредит» сауда маркасын Société Generale-ден сатып алу Банкке көбінесе Банктің кредиттік портфелінің өсуінің, клиенттік базаның ұлғаюының, филиалдық желінің дамуының және халықтың арасында Банктің танымдылығының жоғарылауының кепілі болған тіршілікке қабылетті бизнесті дамытуға мүмкіндік берді. Бөлшек кредиттік портфельдің құрылымы соңғы төрт жылдың ішінде айтарлықтай өзгерді.
- Автомобиль сатып алуға және қамтылмаған тұтынушылық кредиттердің үлесі 2010-31.03.2015жж. кезең ішінде жалпы бөлшек портфельден 6.2%-дан бастап 90.6%-ға дейін өсті. 2013ж. аяғында ипотекалық кредиттердің үлесінде айтарлықтай төмендеу болды (жылдық бейнелеуде 46.9%-ға), өйткені Банктің ипотекалық кредиттерінің портфелі Қазақстан ипотекалық компаниясына сатылды.
- Автокредит беру аумағындағы инновациялық тәсілдің арқасында «Бір күнде көлігің үйде» өнімінің арқасында, Банк Қазақстанда кредитке сатып алынған барлық автокөліктердің жартысына жуығын қаржыландырады.

БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУДІҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

	Бөлшек (ипотекадан басқа)	Ипотека
Кредиттің сомасы	81 - 107,730 АҚШ доллары	808 - 807,972 АҚШ доллары
Кредитті өтеу мерзімі	3 - 84 ай	1 - 240 months
Айына берілетін кредиттердің орташа саны	32,868	4
Кредиттердің орташа сомасы	1,699 АҚШ доллары	64,121 АҚШ доллары
Кредиттерді өтеудің орташа мерзімі	40 ай	157 ай

БӨЛШЕК КРЕДИТТЕР




⁽¹⁾ Банкте бір немесе одан да көп шоттары бар жеке және заңды тұлғалар бірегей клиенттер деп аталады

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ САПАСЫ

- Жаңа басшылық менеджмент тәуекелі жүйесін өзгертті. Оның үстіне 2010ж. дейін берілген мерзімі кешіктірілген кредиттер мерзімі кешіктірілген кредиттердің жалпы сомасын үштен бір сомасын құрайды.
- 31.03.2015ж. жағдай бойынша қайта құрылымданған кредиттердің үлесі – провизияны шегергенге дейін кредиттік портфельдан 8.7% (2014:7.3%).
- Кредиттік портфель бойынша жеткілікті қамту қалыптастырылған, қамтылмаған кредиттер портфельдің үштен бірін құрайды.
- LTV коэффициентінің орташа мәні (кредит/қамту құны) – 46% (2014:47.1%).
- Кредиттердің шоғырлануын қысқарту. 2010- 31.03.2015жж. аяғындағы жағдай бойынша 10 ірі кредиттердің үлесі 33.3%-дан (провизия есебінсіз) 18.7%-ға дейін төмендеді.
- Алынған және есептелген пайыздық кірістердің арасындағы айырмашылық шамамен 10% деңгейде ұсталуда.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДЕГІ 10 ІРІ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ




МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР ⁽¹⁾. ПРОВИЗИЯЛАР



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ ЖІКТЕУ: КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ШОБ 31.03.2015ж.



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ ЖІКТЕУ: БӨЛШЕК 31.03.2015ж.



⁽¹⁾ Клиенттерге берілген құнсызданған кредиттердің баланстық құны, құнсыздануға резервті шегергенге дейін, 90 күннен астам мерзімі кешіктірілген

⁽²⁾ Қайтарылмайтын қарыздар

2010ж.ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЙІН БЕРІЛГЕН, 31.03.2015ж. БАЛАНСТЫҚ ЕСЕПКЕ ЕНГІЗІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ САПАСЫ ⁽¹⁾


2010ж.ДЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Банк	Корпоративтік	ШОБ	Бөлшек
Негізгі борыш, млн теңге	47,381	30,907	8,637	7,837
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн теңге	14,034	2,245	7,411	4,378
% мерзімі кешіктірілген кредиттер	29.6%	7.3%	85.8%	55.9%


2010-31.03.2015жж. БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Банк	Корпоративтік	ШОБ	Бөлшек
Негізгі борыш, млн теңге	534,263	206,863	38,042	289,358
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн теңге	34,913	2,342	3,372	29,199
% мерзімі кешіктірілген кредиттер	6.5%	1.1%	8.9%	10.1%

2010-31.03.2015жж. КЕЗЕҢДЕ БЕРІЛГЕНДЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ 2010ж. ДЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІ




МЕРЗІМІ КЕШКІТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР/КРЕДИТТЕРДІ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША БӨЛУ



МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- Банк қаржыландыру көзі ретінде жергілікті нарықта тартылған депозиттерге сүйенеді. 31.03.2015ж. жағдай бойынша клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің үлесі міндеттемелерден 70.3%-ды құрады (2014:73.9%). Ағымдағы нарықтық жағдайларда 2015 ж. үш айдың ішінде жалпы депозиттік база 10.5%-ға қысқарды, оның 65.6%-ын заңды тұлғалар алады.
- 2014ж. басындағы теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамының әлсіреуі шетел валютасындағы депозитке сұраныстың ұлғаюына және жылдың басына қатынасы бойынша ағымдағы шоттарда және клиенттік депозиттерде теңгенің үлесінің 9.5%-ға төмендеуіне алып келді.
- 2014ж. қарашада Банк своп арқылы теңгеге конвертациялаумен 500 миллион АҚШ долларының сомасына еурооблигацияларды орналастырды. Осы облигациялардың үшжылдық шығарылымы Банкке орташа мерзімді кепілдендірілген қаржыландыруды қамтамасыз етті және активтер мен міндеттемелер арасындағы мерзімдер бойынша алшақтықты қысқартуға әсер етті.


МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (31.03.2015)




млн теңге АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




млн теңге МЕРІЗМДІ ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША ДЕПОЗИТТЕР






КРЕДИТТИ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ







20
табысты жыл
лет успеха
years of success

Eurasian Bank

ҚОСЫМШАЛАР




ҚЕХС бойынша ТАБЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	31.03.2015 теңге, 000 (аудиттелмеген)	31.12.2014 теңге, 000 (аудиттелген)	% өзгеріс жылдың басынан бастап
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	97,202,209	112,083,022	13.28%
Әділетті құны бойынша пайда немесе зиян арқылы қаржылық құралдар	6,226,536	4,547,700	36.92%
Сатуға арналған қолжетімді қаржылық активтер	3,406,456	5,913,836	-42.40%
Банктерге берілген қарыздар мен аванстар	13,544,919	13,476,169	0.51%
Кері «Репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	1,030,403	-	
Клиенттерге берілген қарыздар	582,854,693	588,232,099	-0.91%
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	17,8560,37	35,184,257	-49.22%
Ағымдағы салық активтері	2,908,594	2,146,329	35.51%
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	23,100,729	22,847,412	1.11%
Басқа активтер	18,015,745	24,171,260	-25.47%
Активтердің барлығы	766,155,321	808,602,084	-5.25%
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Банктердің шоттары мен депозиттері	1,757,614	3,469,981	-49.35%
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	6,000,663	7,353,570	-18.40%
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	491,097,007	548,499,125	-10.47%
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	114,784,868	103,242,607	11.18%
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	26,460,874	26,028,695	1.66%
Басқа тартылған қаражаттар	43,062,471	37,862,573	13.73%
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1,796,030	1,795,183	0.05%
Басқа да міндеттемелер	13,861,442	13,662,318	1.46%
Міндеттемелердің барлығы	698,820,969	741,914,052	-5.81%
МЕНШІКТІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	30,110,207	30,110,207	0%
Эмиссиялық табыс	25,632	25,632	0%
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	8,234,923	8,234,923	0%
Динамикалық резерв	6,733,233	6,733,233	0%
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві	(71,019)	(74,143)	-4.21%
Деректерді беру валютасына аудару бойынша жинақталған резерв	(2,095,202)	(2,213,707)	-5.35%
Бөлінбеген табыс (Жинақталған залалдар)	24,396,578	23,871,887	2.2%
Барлық меншіктік капитал	67,334,352	65,688,032	0.97%
Міндеттемелердің және меншіктік капиталдың барлығы	766,155,321	808,602,084	-5.25%

ҚЕХС бойынша ТАБЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	31.03.2015 теңге, 000 (аудиттелмеген)	31.03.2014 теңге, 000 (аудиттелмеген)	% өзгеріс жылдық есептеуде
Пайыздық табыстар	21,701,975	16,930,262	28.18%
Пайыздық шығындар	(11,751,834)	(9,104,676)	29.07%
Таза пайыздық кіріс	9,950,141	7,825,586	27.15%
Комиссиялық табыстар	2,353,225	2,210,381	6.46%
Комиссиялық шығындар	(132,215)	(183,618)	-27.99%
Таза комиссиялық табыс	2,221,010	2,026,723	9.58%
Әділетті құны бойынша пайда немесе зиян арқылы қаржылық құралдар бойынша таза (зиян)/табыс	1,569,821	(7,079)	NSF%
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза табыс	(2,116,566)	1,498,902	-241.21%
Қаржылық активтерді сату үшін қолжетімділіктен түскен таза (зиян) / табыс	1,799	922	92.95%
Ипотекалық кредиттерді сатудан түскен пайда	248,002	186,518	32.96%
Басқа операциялық кірістер/(шығыстар)	(14,860)	80,531	-118.45%
Операциялық табыс	11,859,327	11,612,143	2.13%
Құнсызданудан келген залалдар	(3,082,311)	(3,166,874)	-2.67%
Қызметкерлерге шығындар	(4,920,678)	(4,153,512)	18.47%
Басқа жалпы әкімшілік шығындар	(3,074,784)	(2,570,278)	19.63%
Салық салғанға дейінгі пайда	781,554	1,721,479	-54.60%
Табыс салығы бойынша шығындар	(256,863)	(364,552)	-29.54%
Бір жылдағы таза пайда	524,691	1,356,927	-61.33%
Қаржылық активтерді сату үшін қолжетімділікті қайта сату жөніндегі резерв			
- шынайы құнның таза өзгеруі	4,903	28,451	-82.77%
- пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған шынайы құнның таза өзгерісі	(1,799)	(922)	-92.95%
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша бағамдық айырмашылықтар	118,505	348,219	-65.97%
Пайдаға салықты шегергендегі кезең ішіндегі басқа жиынтық табыстардың барлығы	121,629	375,748	-67.63%
Жыл ішіндегі жиынтық табыстың барлығы	646,320	1,732,675	-62.70%

ХОЛДИНГТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



⁽¹⁾ Алиджан Ибрагимов, Александр Машкевич және Паток Шодиев Forbes миллиардерлерінің тізіміне кіреді. Олар әлемдегі кен өндіру, қайта өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларындағы толық біріктірілген кәсіпорындармен табиғи ресурстарды әзірлеу жөніндегі сараланған компаниялардың аса ірісі болып табылатын Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясының - ENRC (қазіргі уақытта ERG) негізін бірге қалаған. ERG - бұл Қазақстанның тау-кен -металлургия секторының үштен бірі.

⁽²⁾ Еуразиялық қаржылық компания – Еуразиялық банк, Еуразиялық капитал, «Еуразия» сақтандыру компаниясы кіретін холдингтік компания.

- «Еуразия» сақтандыру компаниясы - Қазақстанның сақтандыру саласындағы көшбасшысы - жергілікті және шетел нарықтарында өзінің қызметтерін ұсынады.
- Еуразиялық Капитал – брокерлік-дилерлік қызметті, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтер жүргізетін қазақстандық компания, Қазақстан қор биржасының мүшесі болып табылады.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

